# Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау қағидаларын, Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу бойынша біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 168 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 15 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4873 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу бойынша біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды құру, қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ережесін бекіту туралы" Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 34 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4176 тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды құру, қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 34 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 118 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4252 тіркелген).

3. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 127 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

5. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап алты ай ішінде өз қызметін Ереже талаптарына сәйкестендірсін.

6. Лицензиялау басқармасы (Ә.Ж. Нәжімеденова):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, " Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

7. Агенттіктің Төраға Қызметі (Заборцева Е.Н.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөнінде шаралар қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкімен келісілді
2007 жылғы 6 шілде

________________________________

(қолы, күні, елтаңбалық мөр)

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі
Басқармасының
2007 жылғы 25 маусымдағы
№ 168 қаулысына
1-қосымша

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң), " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын ұйымдарды, сондай-ақ банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жүзеге асыратын банк операцияларын лицензиялау тәртібін айқындайды.

**2-тарау. Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру тәртібі**

2. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында ( бұдан әрі – Стандарт) сәйкес қағаз тасымалдағышпен не "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады .

3. Қағаз тасымалдағышпен ұсынылған, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп және соңғы парақтың сыртында тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда саны көрсетіле отырып тігілген күйінде ұсынылады.

Құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушы басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндетін атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіліп қолымен, көшірмелердің дұрыстығы көрсетіле отырып расталады.

Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостильдеуге жатады (Қазақстан Республикасының бейрезидент жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда). Көрсетілген құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариат куәландырады.

Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы құжаттарда көрсетілген мынадай мәліметтерді алады:

Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауын растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы.

4. Лицензиялық алымды төлеуді көрсетілетін қызметті алушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.

5. Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қызмет берушіге Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы өтінішті (бұдан әрі – лицензия беру туралы өтініш) және Стандарттың 8-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия беру туралы өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия беру туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия беру туралы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

7. Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қарайды.

Банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы бұйрықтың жобасын не банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген тұлғаның (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) қарауына дайындайды және жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы бұйрықтың жобасына немесе банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны қоса бере отырып банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны беру туралы хабарламаны не банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны қоса бере отырып банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны беру туралы хабарлама не банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны беруден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанда жіберіледі.

Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия беруден дәлелді бас тарту үшін Банктер туралы заңның 27-бабында көзделген негіздерді қоспағанда, банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар Банктер туралы заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оларды қараудың Банктер туралы заңның 26-бабының 5-тармағында көрсетілген мерзімі ішінде көрсетілетін қызметті алушыға оларды жоюға және Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынуға арналған ескертулер көрсетілген хатты жібереді.

Банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден бас тартуға негіздер болған кезде өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігіне байланысты 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-тармағына сәйкес мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларын жүргізуге лицензия беріледі.

**3-тарау. Банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқасын беру, қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату тәртібі**

9. Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны қайта ресімдеу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен, оның ішінде:

1) көрсетілетін қызметті алушы Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 34-бабында айқындалған тәртіппен қайта ұйымдастырылған;

2) көрсетілетін қызметті алушының атауы өзгерген;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптар болған жағдайларда жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз тасымалдағышпен не портал арқылы электрондық түрде ұсынады.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты бөлімшеге жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

11. Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрықтың немесе банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден дәлелді бас тарту жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қарауына жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрықтың жобасына немесе банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде ( мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларын жүргізуге қайта ресімделген лицензияны қоса бере отырып, банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарламаны не банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда қайта ресімделген лицензияның электрондық көшірмесін қоса бере отырып, банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарлама не банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді

шешімімен тиімді мерзімге, бірақ лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты жағдайларды анықтау қажеттілігіне байланысты 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-тармағына сәйкес мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның телнұсқасын беру туралы өтініш түскен кезде (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделсе) көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензияның телнұсқасын беру туралы өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты бөлімшеге жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімше қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі шегінде) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді, лицензияның телнұсқасының жобасын не бас тартуды дайындайды, лицензияның телнұсқасына не бас тартуға көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолын қойғызады, көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы лицензияның телнұсқасын қоса бере отырып лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарламаны не лицензияның телнұсқасын беруден бас тартуды береді.

Порталда лицензияның телнұсқасының электрондық көшірмесін қоса бере отырып лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарлама не лицензияның телнұсқасын беруден бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанда жіберіледі.

13. Банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не лицензиядан айыру туралы шешімі орындау үшін көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 5

(бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жіберіледі. Қабылданған шешім туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсына орналастырылады.

14. Лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған көрсетілетін қызметті алушы ай сайын, әрбір айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей (лицензияның қолданылуы жаңартылған күнге не лицензияның қолданылуы тоқтатылған мерзім аяқталған күнге дейін) көрсетілетін қызметті берушіні анықталған бұзушылықтарды жою бойынша көрсетілетін қызметті алушы жүргізген іс-шаралар туралы хабардар етеді.

15. Көрсетілетін қызметті алушы банк операцияларының түрлері бойынша барлық міндеттеме орындалғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде, көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімі негізінде, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш (бұдан әрі – лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш) беруге байланысты банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтатуды сұрап, көрсетілетін қызметті берушіге өтініш береді.

16. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге банк операциялары жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш беруі туралы ақпараты көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын қазақ және орыс тілдерінде таратылатын мерзімдік баспа басылымдарында қазақ және орыс тілінде көрсетілетін қызметті берушіге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей жарияланады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының басшысы не оның міндетін атқарушы адам (міндетін орындауды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қол қойған банктік емес ұйымның лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішін ұсынады. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішке көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз тасымалдағышпен не портал арқылы электрондық түрде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының көрсетілетін қызметті берушіге банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш беру туралы шешімі;

2) көрсетілетін қызметті алушының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарын қоспағанда) банк операциялары бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екені туралы кепіл хаты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары банк операциялары бойынша міндеттемелердің жоқ екені туралы кепіл хат береді;

3) лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті жіберу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік баланстың түсіндірме жазбасында кредиторлық берешек сомаларын және оның туындау себептерін көрсете отырып , көрсетілетін қызметті алушының кредиторлары (олар болған кезде) туралы ақпараттың мәні ашып көрсетіледі;

4) Қағидалардың 16-тармағы талаптарының орындалуын растайтын ақпарат.

18. Көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш беруге байланысты банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) айдың ішінде қарайды.

19. Көрсетілетін қызметті берушіге банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш ерікті түрде көрсетілетін қызметті алушы мынадай талаптарды орындаған кезде беріледі:

1) Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсыну;

2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыда (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарын қоспағанда) банк операциялары бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың болмауы, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары бойынша – банк операциялары бойынша міндеттемелердің болмауы.

20. Көрсетілетін қызметті алушы Қағидалардың 19-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтатудан бас тартады. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті қайта берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің оны қарау мерзімі ол қайта берілген күннен бастап есептеледі.

Ұсынылған құжаттар бойынша ресімдеу бөлігіне ескертулер болған кезде және арифметикалық қателер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды қараудың Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген мерзімдері ішінде банктік емес ұйым ескертулер көрсетілген, оларды жою және пысықталған (түзетілген),

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды ұсыну үшін көрсетілетін қызметті алушыға хат жібереді.

21. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның қолданылуын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз тасымалдағышпен берілген лицензияның түпнұсқасын көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады.

**4-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

22. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсына орналастырылған мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер , қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті алушының толық атауы пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) шағым беруші тұлға өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

4) шағымның шығыс нөмірі мен берілген күні;

5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдар жүзеге
асыратын банк операцияларын
лицензиялау қағидаларына
1-қосымша

**"Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.06.2022 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. |
| 2. | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал); көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі. |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге берген күннен, сондай-ақ порталға өтініш берген күннен бастап:<br>банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия (бұдан әрі – лицензия) беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;<br>лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;<br>көрсетілетін қызметті алушы бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз нысанда |
| 5. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі | Лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияны қоса бере отырып лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны:<br>электрондық немесе қағаз нысанда<br>. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері | 1) лицензия бергені үшін лицензиялық алым 400 (төрт жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлеменің 10 (он ) пайызын құрайды;<br>3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлеменің 10 (он ) пайызын құрайды.<br>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолма-қол ақшамен |

| | | |
|---|---|---|
| | | немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады. |
| 7. | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Лицензия алу үшін өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне өтініш жасаған кезде:<br>1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;<br>2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>3) жарғының көшірмесі ( салыстырып тексеру үшін жарғының түпнұсқасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған көшірмесі);<br>4) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу жөніндегі біліктілік талаптарына және осы қаулымен (бұдан әрі - Біліктілік талаптары) бекітілген оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес, мыналарды қоса берумен құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша заңды тұлға болып табылатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның акционері ( қатысушысы) туралы мәліметтер нысаны:<br>Біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) және акционерінің ( қатысушысының) басқару органының (бар болса, байқау кеңесінің) бірінші басшысы туралы мәліметтер атқарушы органның бірінші басшысы туралы мәліметтер;<br>заңды тұлға – акционердің ( қатысушының) (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін) атқарушы органның бірінші басшысы туралы мәліметтердің атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке-дара орындайтын адамның) және басқару органының (бар болса, байқау кеңесінің) бірінші басшысының (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері;<br>атқарушы органның (атқарушы органның функциясын жеке – дара орындайтын адамның) және акционер (қатысушы) - заңды тұлғаның басқару органының (бар болса, байқау кеңесінің) бірінші басшысында азаматтық елінде ( |

| | | |
|---|---|---|
| | | шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін өздері азаматы болып табылатын елдің (олар тұрақты тұратын елдің ) мемлекеттік органы берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растайтын құжат - заңды тұлға – акционердің ( қатысушының) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) және басқару органының (байқаушы кеңесінің) бірінші басшысы (ол болған кезде) соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің заңнамасында белгіленген тәртіппен;<br>5) мыналарды қоса берумен құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес жеке тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының акционері ( қатысушысы) туралы мәліметтер нысаны:<br>акционер (қатысушы) – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін);<br>көрсетілетін қызметті алушының акционері (қатысушысы) – жеке тұлғасында азаматтық елінде ( шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын, оларды азаматтық елінің мемлекеттік органы (олар тұрақты тұратын елде - азаматтығы жоқ адамдар үшін) не көрсетілетін қызметті алушының акционері ( қатысушысы) – жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл ішінде тұрақты тұрған;<br>6) филиалдардың (олар бар болса) тізімі және олар туралы ережелердің көшірмелері ( |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | филиалдар туралы ережелердің түпнұсқалары салыстыру үшін ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған);<br>7) көрсетілетін қызметті алушы қызметкерлерінің тегін, атын және әкесінің атын (олар бар болса) көрсетумен штат кестесінің көшірмесі;<br>8) барлық жоспарланып отырған операциялар бойынша лицензияны алу мақсаттарын, көрсетілетін қызметті алушы бағдарланған нарық сегментін, қызмет көрсету түрлерін, маркетинг жоспарын ( клиентураны қалыптастыру), көрсетілетін қызметті алушының қызметін қаржыландырудың көздерін, алғашқы 3 (үш) қаржы ( операциялық) жылындағы кірістер мен шығыстардың болжамын ашатын және көрсетілетін қызметті алушы қызметінің жоспарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшесінің бар екендігін көрсететін бизнес-жоспарды;<br>9) көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органы бекіткен ішкі аудит қызметі ( ревизиялық комиссия) туралы ереже (ол бар болса);<br>10) көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органы бекіткен кредит комитеті (ішкі кредит саясатын жүзеге асыратын орган) туралы ереже (ол бар болса );<br>11) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес келетін банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидалар;<br>12) мыналарды қоса берумен электрондық және қағаз тасымалдағыштарда Біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының басшысы туралы мәліметтер нысаны:<br>көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының жеке басын куәландыратын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | құжаттың көшірмесі (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін); көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының басшысында азаматтық елінде ( шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстар үшін алынбаған немесе жойылмаған соттылығының жоқтығы туралы, оларды азаматтық елінің (олар тұрақты тұратын елдің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) не көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының басшысы соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжатты растайтын құжат;<br>13) "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшерлері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 127 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7642 болып тіркелген) белгіленген жарғылық капиталының ең аз мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;<br>14) бухгалтерлік есепті және бас бухгалтерлік кітапты автоматтандыру бойынша жабдықты және бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындау бөлігіндегі іс-шаралардың орындалғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;<br>15) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес банк операцияларын жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тиісті қызметкерлерді жалдауды растайтын құжаттардың көшірмелері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін порталға өтініш берген кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі –ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгені туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);<br>3) осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 4), 5) 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14) және 15) тармақшаларында көрсетілген құжаттар (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде).<br>Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне өтініш жасаған кезде:<br>1) еркін нысанда жазылған өтініш;<br>2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияның телнұсқасын беру кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.<br>Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) порталда өтініш жасаған кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқаратын тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | растайтын құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде).<br>Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне өтініш жасаған кезде:<br>1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;<br>2) лицензияның түпнұсқасы (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса);<br>3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>4) олар жөніндегі ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері.<br>Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін порталда өтініш жасаған кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқаратын тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);<br>3) олар туралы ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылатын құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеуге негіз |

| | | |
|---|---|---|
| | | болатын өзгерістер туралы ақпарат қамтылатын құжаттардың көшірмелері |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері | 1) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;<br>2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " Заңның 26-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенінің сақталмауы;<br>3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;<br>4) Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;<br>5) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі ;<br>6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;<br>7) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы;<br>8) лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігінің белгіленуі.<br>Осы Стандарттың 8-тармағының тоғызыншы және оныншы бөліктерінде көрсетілген құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші лицензияны қайта ресімдеуден бас тартады. |
| | | Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар | көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. |

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдар жүзеге
асыратын банк операцияларын
лицензиялау қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Кімге

______________________________

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

Кімнен

______________________________

(көрсетілетін қызметті
алушының атауы)

**Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы өтініш**

Мынадай банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын (валюта түрін көрсету – ұлттық және (немесе) шетел валютасымен):

____________________________________________________________________________________
__________

________________________________________________________________________________

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

1. Атауы, тұратын орны және нақты мекенжайы:

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдің, офистің нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі
(бар болса))

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

